

## «САЯХАТШЫЛАРДЫ ҚОРҒАУ» БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ЕРІКТІ КЕШЕНДІ САҚТАНДЫРУДЫҢ ҮЛГІ ТАЛАПТАРЫ

«Сентрас Иншуранс» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Сақтандырушы) осы «Саяхатшыларды қорғау» бағдарламасы бойынша ерікті кешенді сақтандырудың үлгі талаптарымен (бұдан әрі – Үлгі сақтандыру талаптары) Сақтандырушы біржақты тәртіпте әзірлеген Үлгі сақтандыру талаптарына Сақтанушының қосылуы және Сақтандырушының сақтандыру полисін (бұдан әрі - сақтандыру шартын) ресімдеуі арқылы сақтандыру шартын жасасуды ұсынады.

Сақтанушының сақтандыру сыйақысын төлеуі шартымен Сақтандырушы сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда осы Үлгі сақтандыру талаптарында белгіленген тәртіпте және мерзімде Пайда көрушіге сақтандыру сомасының (Сақтандырушының жауапкершілік лимиті) шегінде сақтандыру төлемін төлеуді мойнына алады. Үлгі сақтандыру талаптары «Саяхатшы» ерікті кешенді сақтандыру ережелерінің (бұдан әрі – Сақтандыру ережелері) негізінде әзірленген.

### 1-Бөлім. Қолданылатын ұғымдар мен анықтамалар

- 1) **багаж** – көліктің тиісті түрімен жолаушылар мен багажды тасымалдау ережелерінде белгіленген нормалар шегінде қапталған және көлік құралының багаж бөлімшесінде тасымалданатын жолаушы мүлкі. Багаж тасымалы багаж түбіртегімен расталады;
- 2) **жақын туыстар** – ата-ана, балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, туған және өгей ағалы-інілілер мен апалы-сіңлілер, аталар, әжелер, немерелер;
- 3) **Пайда алушы** – осы Үлгі сақтандыру талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін алушы тұлға. 14 жасқа толмаған Сақтандырылушыға тиесілі сақтандыру төлемі оның заңды өкіліне (ата-анасына, қамқоршысына және т.с.с. тұлғаға) төленеді.  
Сақтандырылушы және/немесе оның жақын туысы қайтыс болған жағдайда сақтандыру төлемі заңнамаға сәйкес сақтандыру төлемін алуға құқылы тұлғаға төленеді.
- 4) **жолаушыны тасымалдау шарты** – жол жүру билеті және жолаушы багажды тапсырған жағдайда – багаж түбіртегі. Жолаушыны тасымалдау шарты бойынша тасымалдаушы жолаушыны белгіленген жерге дейін тасымалдауды, сондай-ақ белгіленген жерге оның багажын жеткізуді мойнына алады, ал жолаушы жол ақысын, және багажды тапсырған кезде – багажды тасу ақысын төлеуді мойнына алады;
- 5) **Сақтандырылушы** – сақтандыру рәсімі сол үшін жүргізілетін жеке тұлға. Егер сақтандыру шартында өзгесі қарастырылмаса, Сақтанушы бір уақытта Сақтандырылушы да болып табылады.
- 6) **жолаушы** – жол жүру билетімен куәландырылған жолаушыны әуе жолымен тасымалдау шартын тасымалдаушымен бірге жасасқан жеке тұлға;
- 7) **тасымалдаушы** – меншік құқығына негізделіп немесе өзге заңды негіздермен көлік құралын иеленетін, жолаушыларды тасу қызметтерін ұсынатын, және бұл қызметке заңнамада белгіленген тәртіпте тиісті рұқсат алған тұлға. Тасымалдаушы жолаушының алдында қолданыстағы заңнамаға сәйкес жауапкершілікті көтереді;
- 8) **сақтандыру қорғанысы күшінің мезгілі** – сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеу міндеті пайда болатын уақыт мезгілі;
- 9) **жол жүру билеті (тасымал құжаты)** – Сақтандырылушының қандай да көлік түрімен жол жүру (жолаушыны тасу) құқығын растайтын құжат;
- 10) **багаждың жоғалуы** – тасымал нәтижесінде Сақтандырылушы багажының қайтарылмайтындай жоғалуы. Багаждың жоғалуы деп нені түсінеміз:
  - а) бүліну;
  - а) багаждың қалпына келмейтіндей бүлінуі;
  - б) Сақтандырылушы жол жүру билетінде көрсетілген межелі жерге келген соң 10 (он) тәуліктің ішінде багаждың келмеуі, бұл ретте тасымалдаушы багаждың жоғалу дерегін мойындауы шарт;
- 11) **Сақтанушы** – Сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан тұлға. Балаларға немесе әрекет етуге қабілетсіз тұлғаларға қатысты сақтандыру шартын жасасқан кезде Сақтанушы ретінде олардың заңды өкілі ғана (ата-анасы, қамқоршысы және т.б.) әрекет ете алады;

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	ЕСБ- 53 «Саяхатшыларды қорғау» Ерікті кешенді сақтандыру бағдарламасы	___02.2020 ж. № 2 Басылым	19 беттің 2-беті
---------------------------	--	---------------------------	------------------

12) **сақтандыру қорғанысы** – сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда заң жүзіндегі міндеттемесімен қамтамасыз етілген Сақтандырушының Сақтандырылушыға сақтандыру төлемі ретінде материалдық түрде залалды өтеу әзірлігі;

13) **сақтандыру мүддесі** – тұлғаның сақтандыруға материалдық мүдделілік шамасы. Сақтандыру мүддесінің иесі Сақтанушы мен Сақтандырылушы болып табылады;

14) **сақтандыру тәуекелі** – сақтандыру оқиғасының пайда болу ықтималы;

15) **Сақтандырушы** - «Сентрас Иншуранс» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы. Ерікті сақтандыру бойынша қызметті жүзеге асыру құқығын беретін лицензиясы бар, және сақтандыру оқиғасы пайда болған жағдайда сақтандыру шартында белгіленген сома шегінде (сақтандыру сомасы, Сақтандырушының жауапкершілік лимиті) сақтандыру төлемін төлеуге міндетті тұлға;

16) **сақтандыру аумағы** – сақтандыру шартында көрсетілген, және сақтандыру қорғанысының күші таралатын аумақ.

17) **жазатайым оқиға** – Сақтандырылушының ағзасына сыртқы механикалық, электрлік, химиялық немесе термиялық әсер ету нәтижесінде денсаулыққа зиян келтірілген немесе өлімге әкеп соққан, адамның еркінен тыс кенет орын алған қысқа мерзімді оқиға.

18) **«мүгедек бала»** - жазатайым оқиғаның нәтижесінде тіршілік әрекетінің шектелуі салдарынан ағзаның атқарымдары күшті бұзылған, 18 (он сегіз) жасқа дейінгі тұлғаларға уәкілетті органның шешімімен тағайындалған санаты.

19) **үсу** - төмен температуралардың әсерінің салдарынан ағза ұлпаларының (тері жамылғыларының, шырышты қабықшалардың, терең орналасқан ұлпалардың) зақымдалуы;

20) **күйю** – жоғары температураның, химиялық заттардың, электр қуатының әсерінің салдарынан ағза ұлпаларының (тері жамылғыларының, шырышты қабықшалардың, терең орналасқан ұлпалардың) зақымдалуы;

21) **жарақат** – жазатайым оқиғаның нәтижесінде Сақтандырылушының ұлпалары мен мүшелерінің атқарымының бұзылуы салдарынан олардың анатомиялық бүтіндігінің бұзылуы;

22) **есенгіреу** – төтенше жағдайлардың әсеріне және ағза мүшелерінің әрекетсіздігіне жауап ретінде ағзаның сыни күйінің нысаны.

Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы сақтандыру сыйақысын төлеуді, ал Сақтандырушы сақтандыру шартында қарастырылған сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда сақтандыру шартында анықталған сома шегінде сақтандыру төлемін төлеуді мойнына алады.

## 2-Бөлім. Сақтандыру тәуекелдері. Сақтандыру нысандары

1. Осы Үлгі сақтандыру талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін және төмендегі жағдайлармен байланысты Сақтандырылушының мүліктік мүдделері сақтандыру нысандары болып табылады:

1) **А секциясы.** «Сапар шегуден мәжбүрлі түрде бас тарту нәтижесіндегі шығындарды сақтандыру»: сапар шегуден мәжбүрлі түрде бас тарту нәтижесінде шығындардың пайда болу тәуекелімен (бұдан әрі - **А секциясы**);

2) **В секциясы.** «Әуе рейсінің немесе пойыздың шығуы кейінге қалдырылған (кестеден тыс) жағдайда болжанбаған шығындарды сақтандыру»: ұшақтың немесе пойыздың шығуы кейінге қалдырылған жағдайда болжанбаған тамақтану және тұру шығындарының пайда болу тәуекелімен (бұдан әрі – **В секциясы**);

3) **С секциясы.** «Жазатайым оқиғадан сақтандыру»: ұшақпен ұшу, пойызбен жүру, автокөлікпен қозғалу барысында орын алған жазатайым оқиға нәтижесінде өмірге немесе денсаулыққа нұқсан келтіру (бұдан әрі - **С секциясы**);

4) **Д секциясы.** «Багаждың жоғалуынан сақтандыру»: Сақтандырылушыға тиесілі багаждың жоғалуымен (бұдан әрі - **Д секциясы**);

5) **Е секциясы.** «Жеке тұлғаны куәландыратын құжаттарды жоғалтудан сақтандыру»: Сақтандырылушы тұрақты тұрғылықты жерінен тыс жерде болған уақытта жоғалған құжаттарын (шетел төлқұжаты, жеке куәлігі) қалпына келтіруге жұмсалған болжанбаған шығындармен (бұдан әрі – **Е Секциясы**).

2. Сақтандырылуы тиіс тәуекелдер мен сақтандыру нысандары сақтандыру шартында көрсетіледі.

3. Сақтанушының құқыққа қайшы мүдделері сақтандырылмайды.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	ЕСБ- 53 «Саяхатшыларды қорғау» Ерікті кешенді сақтандыру бағдарламасы	___02.2020 ж. № 2 Басылым	19 беттің 3- беті
---------------------------	---	---------------------------	----------------------

### 3-Бөлім. Сақтандыру оқиғасы

4. Сақтандыру оқиғасы – пайда болған сәттен бастап сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемі көзделетін оқиға.

5. Сақтандыру жағдайы – салдары сақтандыру оқиғасына әкеп соға алатын жағдай.

6. Сақтандыру жағдайы мынадай жағдайларда (барлығы бірдей орын алғанда) пайда болса, сақтандыру оқиғасы деп танылады:

- 1) сақтандыру шартының (сақтандыру қорғанысының) қолданыс мерзімі бойы;
- 2) сақтандыру аумағында;
- 3) сақтандыру шартында аталып өткен сақтандырылған тәуекелдердің орын алуы салдарынан.

#### 7. Сақтандыру оқиғасы болып табылады:

##### А Секциясы:

7.1. Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру күшінің (сақтандыру қорғанысының) мерзімі ішінде мынадай себептермен сапарға шығудан мәжбүрлі түрде бас тартуы нәтижесінде залалдың пайда болуы сақтандыру оқиғасы болып табылады:

1) Сақтандырылушының немесе оның жұбайының немесе жақын туысының стационарлық емді қажет ететіндей кенет сырқаттануы немесе жазатайым оқиғаға тап болуы және стационарлық емдеу қажеттілігінің жолға шығу күніне дейінгі он күнтізбелік күннің ішінде пайда болуы, сондай-ақ көрсетілген мерзімнің ішінде Сақтандырылушының сапарға шығуға медициналық қарсы көрсетіммен стационардан шығарылуы;

2) Сақтандырылушыға меншік құқығымен тиесілі жылжымайтын мүлікке дүлей апат; өрт; жарылыс; сүкұбыр, кәріз, жылыту немесе өртке қарсы жүйелеріндегі апат салдарынан сумен зақымдану; көрші орынжайлардан судың келуі; үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері салдарынан залал келтіру. Және бұл залал жолға шығу күніне дейінгі 10 (он) күнтізбелік күннің ішінде келтірілсе және Сақтандырылушының сапарға шығуына шын мәнінде кедергі келтірсе. Залалдың себептері мен салдары құзыретті органдар тарапынан құжат жүзінде расталуы тиіс;

3) Сақтандырылушының немесе онымен бірге жолға шығатын жұбайының немесе баласының виза алмауы, бұл арада виза алу үшін қажет құжаттар (барлығы бірге):

- а) баратын елдің талаптарына сәйкес ресімделген;
- б) елшілікке (консулдыққа, визалық орталыққа) уақытылы тапсырылған;
- в) сақтандыру шартын жасасқаннан кейін тапсырылған.

##### В Секциясы:

7.2. Келесі жағдайлардың салдарынан әуе рейсінің немесе пойызды жөнелту уақытының 2 (екі) сағаттан аса мерзімге кешіктірілуіне байланысты болжанбаған шығындардың пайда болуы сақтандыру оқиғасы болып табылады:

- 1) қолайсыз ауа-райы;
- 2) мемлекеттік органдардың (көші-қон қызметі, лаңкестікке қарсы күрес жөніндегі ведомство, кеден қызметі, шекаралық бақылау және т.б.) талабы;
- 3) көлік құралының механикалық немесе техникалық зақымы;
- 4) тасымалдаушының айыбынан болған басқа жағдайлар.

##### С секциясы:

7.3. Сақтандыру жағдайларына мыналар жатады:

1) жазатайым оқиғаның нәтижесінде Сақтандырылушының денсаулығына зиян келтіру, атап айтсақ:

- а) сүйек сынуы, бас сүйек – ми зақымы, буын шығуы;
  - б) улы жәндіктер мен жануарлардың шағуы;
  - в) дененің беткі қабатының жалпы ауданынан 9% зақымданған кезде тері жамылғысының 2-ші дәрежелі күйігі, сондай-ақ 3-ші немесе 4-ші дәрежелі күйіктері, тынысалу жолдарының 1-3 дәрежелі күйіктері;
  - г) дененің беткі қабатының жалпы ауданынан 9% зақымданған кезде тері жамылғысының 2-ші дәрежелі, 3-ші немесе 4-ші дәрежелі үсіктер;
  - д) есеңгіреу (жарақаттық есеңгіреу, өткір қансырау нәтижесінде дамидын гиповолемиялық есеңгіреу, анафилаксиялық есеңгіреу).
- 2) Мынадай салдарға әкеп соғуы нәтижесінде Сақтандырылушының денсаулығына зиян келтіру:

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	ЕСБ- 53 «Саяхатшыларды қорғау» Ерікті кешенді сақтандыру бағдарламасы	___02.2020 ж. № 2 Басылым	19 беттің 4-беті
---------------------------	--	---------------------------	------------------

а) I, II, III топтағы мүгедектікті, «мүгедек бала» санатын тағайындау;

б) өлім.

**D секциясы:**

7.4. Сақтандыру жағдайы болып сақтандыру арқылы қорғау және құжаттамалық расталған кезеңде Сақтандырылушының багажын тасымалдаушының жауапкершілігімен тіркелген және табысталған жолжүктің жоғалуы табылады.

**E секциясы:**

7.5. Сақтандыру жағдайы болып Қазақстан Республикасына оралу үшін шет мемлекеттің аумағында алынған уақытша құжатпен расталған, жол жүруі кезінде Сақтандырылушының жеке тұлғасын куәландыратын құжатты жоғалту нәтижесінде Сақтандырылушының күтпеген шығындарын өтеу табылады.

8. Сақтандыру оқиғасының орын алуын, сондай-ақ оның салдарынан келтірілген залалды Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда көруші) дәлелдейді.

**4-Бөлім. Сақтандыру жағдайларынан шегіністер және сақтандырудың шектеулері**

9. Осы Үлгі сақтандыру талаптарына сәйкес мынадай шығындардың орны толтырылмайды:

- 1) моральдық зиян, іскерлік бедел-бейнеге келтірілген нұқсан, ұтылған пайда, жанама шығындар;
- 2) сот шығындары.

10. Мынадай себептермен залал тигізу сақтандыру оқиғасына жатқызылмайды:

- 1) ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивті ластану әсері;
- 2) әскери іс-қимылдар немесе әскери шаралар мен олардың салдары, әскери қарумен жою немесе зақымдау;
- 3) лаңкестік әрекет, диверсиялық қызмет;
- 4) азаматтық соғыс, түрлі себептермен халықтың толқуы, жаппай тәртіпсіздік немесе ереуілдер.

11. Сақтандырушы мынадай шығындарды (с.і. сақтандыру оқиғасынан болған шығындарды) өтемейді:

- 1) кез-келген уәкілетті органда сақтандыру оқиғасымен және оны дәлелдеумен байланысты істерді жүргізуге (ксерокөшірмелеу, нотариалды куәландыру, сараптама; адвокат, өкіл, аудармашы қызметтері және т.б.) жұмсалған шығындар;
- 2) зақымдалған мүлікті қалпына келтіру кезінде мүлікті жақсарту және жаңарту үшін жұмсалған шығындар;
- 3) сақтандыру шартында аталмаған үшінші тұлғаларға келтірілген залалды өтеу шығындары;
- 4) мүліктің тауарлық түрінен айырылуы;
- 5) әкімшілік айыппұлдар, мемлекеттік баждар, алымдар және т.б.

12. Сақтандырушы мынадай залал үшін жауапты емес:

- 1) сақтандыру сомасынан (Сақтандырушының жауапкершілік лимитінен) асатын;
- 2) сақтандыру шартында сақтандыру оқиғасы деп ескерілмеген залал.

**13. Бұған қоса, осы Үлгі сақтандыру талаптарында А-Е секциялары бойынша мынадай ескертулер мен шегіністер бар:**

**A секциясы:**

13.4. осы Бөлімде көрсетілген шегіністерге қосымша, мынадай жағдайлардың салдарынан орын алған оқиғалар сақтандыру оқиғасы болып табылмайды:

- 1) Сақтандырылушы Сақтандыру шартын жасасқан күні олар жөнінде білген немесе білуі тиіс болған себептер;
- 2) Сақтандырылушының (оның жұбайының, жақын туысының) жоспарлы түрде ауруханаға жатқызылуы, шипажайлық-курорттық ем алуы, реконструктивтік және пластикалық ота жасауы;
- 3) Сақтандырылушының (оның жұбайының, жақын туысының) жолға шығу күніне дейінгі 10 (он) күнтізбелік күннің ішінде стационарлық емдеуді қажет ететіндей кенет сырқаттануы немесе жазатайым оқиғаға душар болуы, немесе жол жүруге медициналық қарсы көрсетіммен стационардан шығуы;
- 4) стационарлық емдеуден өтуді қажет етпейтін созылмалы аурулар немесе олардың асқынуы;

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	ЕСБ- 53 «Саяхатшыларды қорғау» Ерікті кешенді сақтандыру бағдарламасы	___02.2020 ж. № 2 Басылым	19 беттің 5-беті
---------------------------	--	---------------------------	------------------

5) Сақтандырылушының мүлкіне залал келтіруден басқа, дүлей апат (жер сілкінісі, көшкін, боран, дауыл, тасқын, су басу, бұршақ немесе нөсер) және оның салдары, інден, карантин, метеожағдайлар;

б) мынадай себептерге байланысты жылжымайтын мүлікке залалдың келтірілуі:

а) Сақтандырылушының заңнамада немесе басқа да нормативтік актілерде белгіленген өрт қауіпсіздігі ережелерін және нормаларын бұзуы немесе өрт қауіпсіздігі бойынша анықталған бұзушылықтарды және (немесе) кемшіліктерді жою жөнінде уәкілетті органдардың нұсқауларымен белгіленген мерзімдерді сақтамауы;

б) Сақтандырылушының өрт қаупі бар, уытты, жарылыс қаупі бар және күйдіргіш материалдарды сақтауы және (немесе) пайдалануы;

в) автоматты өрт сөндіру жүйелерінің өздігінен қосылып кетуі;

г) Сақтандырылушының сапарға шығу күніне дейінгі 10 (он) күннің ішінде құрылыс-монтаждық, әрлеу жұмыстарын атқаруы;

д) Сақтандырылушының апатты және ескі сукұбыр, жылыту, кәріз және өртке қарсы жүйелерді пайдалануы немесе Сақтандырылушының бұл жүйелерді пайдаланудың нормативтік мерзімдерін бұзуы немесе сақтамауы;

7) сапардың басталу күніне дейінгі 10 (он) күнтізделік күннен бұрын жылжымайтын мүлікке залал тигізу;

8) құжаттарды дер кезінде немесе толық көлемде тапсырмау немесе виза алу тәртібін өзгедей жолмен бұзу, с.і туристік немесе тиісті қызмет көрсететін өзге ұйымның рұқсатымен болған, сондай-ақ Сақтандырылушы ұсынған мәліметтердің шынайы болмауы;

9) осыдан бұрын Сақтандырылушыға (туысқандарына, жұбайына) виза берілмеуі;

10) осыдан бұрын Сақтандырылушының виза алу үшін консулдық бөліміне жүгінген елдің заңнамасын бұзу дерегінің белгіленген тәртіпте тіркелуі;

11) сапарды ұйымдастырушы туристік немесе өзге фирманың таратылуы;

12) Сақтандырылушының сапардан ерікті түрде бас тартуы немесе осы Үлгі сақтандыру талаптарының 3-бөлімінде аталып өткендерден өзгеше себептермен сапардан бас тартуы;

13) қолданыстағы заңнамада қарастырылған жағдайларда Сақтандырылушының елден шығу немесе еркін жүріп-тұру құқығына уақытша шектеу қойылуы;

14) рейстің болмауы нәтижесінде жаңа билет сатып алумен байланысты шығындар.

#### **В секциясы:**

13.5. Үлгі сақтандыру талаптарының осы бөлімінде көрсетілген ерекшеліктерге қосымша, сақтандыру оқиғасына жатқызылмайтындар:

1) Сақтандырылушының әуе рейсінің (пойызды жөнелту уақытының) кешіктірілуіне байланысты жұмсаған шығындары:

а) тасымалдаушы қосымша төлемсіз ұсынған ұшудың (шығудың) балама нұсқасын пайдаланудан бас тартса;

б) тұрақты тұрғылықты жеріндегі әуежайға (вокзалға) келгенге дейін тамақтануға жұмсалған шығындар;

в) тұру шығындары, егер әуе рейсі (пойызды жөнелту уақыты) тұрақты тұрғылықты аумағындағы жіберу пунктінде кешіктірілсе;

2) Сақтандырылушы әуежайға (вокзалға) уақытылы келмегендігіне өзі кінәлі болған жағдайда.

#### **С секциясы:**

13.6. Үлгі сақтандыру талаптарының осы бөлімінде көрсетілген жағдайдың ерекшеліктеріне қосымша ретінде мынадай салдардан туындаған оқиғалардан сақтандыру жағдайлары болып табылмайды:

1) Сақтандырылушының ағзасына талшықтас шаңының әсері;

2) химиялық немесе бактериологиялық зақымдану және жаппай жою қаруының әсерінің нәтижесі;

3) Сақтандырылушының өзін-өзі өлтіруі немесе өз өміріне қастандық жасауы;

4) Сақтандырылушының (Сақтанушының) алкогольдік, токсиндік немесе есірткілік масаю күйінде немесе психотроптық заттардың әсерімен жасалған әрекеттері;

5) кез-келген аурудың салдарынан туындаған немесе арандатылған және аурулармен себеп-салдарлық байланыстағы жарақаттардың нәтижесінде денсаулыққа зиян келтірілуі;

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	ЕСБ- 53 «Саяхатшыларды қорғау» Ерікті кешенді сақтандыру бағдарламасы	___02.2020 ж. № 2 Басылым	19 беттің 6- беті
---------------------------	---	---------------------------	----------------------

б) тағамдық токсиндік инфекциялар (сальмонеллез, дизентерия және т.б.), сондай-ақ дәрігердің ұйғарымынсыз қабылданған құрамында алкоголь бар сусындармен, күшті әрекет ететін (есірткілік) препараттармен улану, сондай-ақ масаю мақсатында қабылданған токсиндік заттармен улану;

7) нашақорлық;

8) кез-келген консервативті және оталық емдеу;

9) косметологиялық емдеу және сыртқы кемшіліктермен немесе дене ауытқуларымен байланысты басқа емдеу түрлері;

10) өзіне дене зақымдарын қасақана келтіру немесе аффект күйінде дене мүшесін зақымдау;

11) аполексиялық соққы, эпилепсиялық ұстама немесе басқа ұстамалар, конвульсиялық ұстамалар.

13.7. Сақтандыруға қабылданбайды:

1) мүгедектігі бар тұлғалар және «мүгедек бала» санаты бойынша балалар;

2) психикалық-неврологиялық диспансерде есепте тұрған жүйке және психикалық күйі төзімді тұлғалар, рухани дертке немесе психикалық ауруға шалдыққан, ақыл-парасат кемдігіне, церебралды сал ауруына немесе Даун ауруына шалдыққан тұлғалар;

3) жұқтырылған имун тапшылығы синдромына (ЖИТС) немесе имун тапшылығына вирусына (ИТВ) шалдыққан тұлғалары, соның ішінде олардың мутанттық тундылары немесе вариациялары;

4) онкологиялық ауруларға, жүрек-қан тамырлары ауруларына шалдыққан тұлғалар;

5) масаю мақсатында есірткілік немесе уытты заттарды тұтынатын тұлғалар;

6) 81 және одан артық жастағы тұлғалар.

Аталған тұлғаларға қатысты сақтандыру төлемі төленбейді.

#### **D секциясы:**

13.8. Үлгі сақтандыру талаптарының осы Бөлімінде көрсетілген ерекшеліктерге қосымша ретінде сақтандыру оқиғасына мыналар жатпайды:

1) егер тасымалдаушы Сақтандырылушыға жоғалтқан бағажының өтемін жасаған болса;

2) тасымалдаушының ережелерімен белгіленген тәртіпте және мерзімдерде тасымалдаушыға жазбаша хабарланбаған, бірақ кез-келген жағдайда жоғалу дерегі анықталған сәттен бастап 24 (жиырма төрт) сағат ішінде бағаждың жоғалуы;

3) мемлекеттік органдардың өкімі бойынша Сақтандырылушының бағажының тәркіленуі, реквизициялау, тұтқындалуы немесе жойылуы;

4) Сақтандырылушының қасақана әрекеттері;

5) мемлекеттік билік органдарының өз міндеттемелерін орындауға тосқауыл болатын әрекеттері.

13.9. Сақтандыру қорғанысы Сақтандырылушының мынадай мүлкіне таралмайды:

1) бағалы металдар, зергерлік бұйымдар, өнер заттары, жинақтамалар және т.с.с.;

2) бағалы аң терісінен жасалған бұйымдар;

3) трансплантациялауға арналған мүшелер, донорлық қан және т.с.с.;

4) бағалы қағаздар, банкноттар, лотерея билеттері және т.с.с.;

5) бағдарламалық жасақтама, ақпарат келтірілген электрондық тасығыштар және т.с.с.;

6) өсімдіктер, жануарлар.

13.10. Сақтандыру жағдайына Сақтандырылушының бағажды тасымалдаушыдан алған мүлкінің жоғалуы немесе зақымдалуы жатпайды.

#### **E секциясы:**

13.11. Осы Бөлімге сәйкес.

### **5-Бөлім. Сақтандыру сомасы. Сақтандыру сыйақысы және оны төлеу тәртібі. Франшиза**

14. Сақтандыру сомасы – сақтандыру нысаны осы сомаға сақтандырылған, және сақтандыру оқиғасы орын алғанда Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемі болып табылатын сома.

15. Сақтандыру сыйақысы – Сақтандырушы сақтандыру шартында анықталған көлемде Пайда көрушіге (Сақтандырылушыға) сақтандыру төлемін төлеу міндетін мойнына алғаны үшін Сақтанушы төлеуге міндетті ақша сомасы.

16. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйақысының мөлшері Сақтандырушы бекіткен тарифтердің негізінде анықталады.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	ЕСБ- 53 «Саяхатшыларды қорғау» Ерікті кешенді сақтандыру бағдарламасы	___02.2020 ж. № 2 Басылым	19 беттің 7-беті
---------------------------	--	---------------------------	------------------

17. Сақтандыру сыйақысы бір-ақ рет ақшасыз төлем немесе қолма-қол ақшамен (заңнама талаптарын сақтай отырып) төленеді.

18. Сақтандырушының әрбір сақтандыру тәуекелі бойынша жауапкершілігінің лимиті және сақтандыру сыйақыларының көлемдері таңдалған Пакеттер мен сақтандыру мерзімдеріне сәйкес келесі көлемдерде белгіленген:

№	Өтем	Сақтандыру сомасы (Жауапкершілік лимиті)	12 айдағы сақтандыру сыйақысы	6 айдағы сақтандыру сыйақысы	3 айдағы сақтандыру сыйақысы	Франшиза
1	<b>А секциясы</b>	200 000 (екі жүз мың) теңгеге дейін	3 000 (үш мың) теңге	2 100 (екі мың бір жүз) теңге	1 200 (бір мың екі жүз) теңге	Үлгі сақтандыру талаптарына сәйкес франшиза қолданылма йды.
	<b>В секциясы</b>	-әуе тасымалымен - 150 000 (жүз елу мың) теңге; -теміржол тасымалымен – 50 000 (елу мың) теңге.				
2	<b>С секциясы</b>	-әуе және автомобиль тасымалымен - 1 000 000 (бір миллион) теңге; -теміржол тасымалымен - 200 000 (екі жүз мың) теңге	1 200 (бір мың екі жүз) теңге	840 (сегіз жүз қырық) теңге	480 (төрт жүз сексен) теңге	
3	<b>Д секциясы</b>	100 000 (жүз мың) теңге	1 600 (бір мың алты жүз) теңге	1 120 (бір мың жүз жиырма) теңге	640 (алты жүз қырық) теңге	
	<b>Е секциясы</b>	20 000 (жиырма мың) теңге				

### 6-Бөлім. Құқықтар мен міндеттер

#### 19. Сақтанушының (Сақтандырылушының) құқықтары:

- 1) Сақтандырушыдан оның төлемқабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығы жөнінде ақпаратты талап ету;
- 2) Сақтандырушының немесе оның серіктесінің интернет-ресурсында орналасқан Үлгі сақтандыру талаптарымен және Сақтандыру ережелерімен танысу, талап еткен кезде Сақтандыру ережелерінің көшірмесін алу;
- 3) сақтандыру шартын жоғалтқан жағдайда оның телнұсқасын алу;
- 4) сақтандыру оқиғасы орын алғанда сақтандыру шартында белгіленген шарттармен, тәртіппен және мерзімде сақтандыру төлемін алу;
- 5) Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту немесе оның мөлшерін азайту фактісіне Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте шағымдану;
- 6) осы Үлгі сақтандыру талаптарында белгіленген тәртіпте сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату;
- 7) кез-келген уақытта сақтандыру шартынан бас тарту.

#### 20. Сақтанушының міндеттері:

- 1) сақтандыру жағдайының орын алу ықтималын және оның салдарынан болуы мүмкін залал (сақтандыру тәуекелі) мөлшерін анықтауда елеулі маңызы бар мәлім жағдаяттар жөнінде Сақтандырушыға хабарлау;

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	ЕСБ- 53 «Саяхатшыларды қорғау» Ерікті кешенді сақтандыру бағдарламасы	___02.2020 ж. № 2 Басылым	19 беттің 8-беті
---------------------------	--	---------------------------	------------------

- 2) Үлгі сақтандыру талаптарына белгіленген көлемде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру сыйақысын төлеу;
- 3) Сақтандырылушыны Үлгі сақтандыру талаптарымен таныстыру. Сақтандырылушының сақтандыру шартының талаптарын бұзуы оларды Сақтанушының өзінің бұзуы деп саналады;
- 4) сақтандыру шарты бойынша міндеттерін, Үлгі сақтандыру талаптарын орындау;
- 5) сақтандыру жағдайларының алдын алу және олардан сақтану мақсатында қажетті шара қолдану;
- 6) Сақтандырылушының Үлгі сақтандыру талаптарын, шет мемлекеттердің визаларын алуға, жолаушылар мен багажды тасуға, өрт қауіпсіздігіне, қауіпсіздік техникасына және т.б. қатысты техникалық нормаларды, стандарттарды, нұсқаулықтарды және т.б. орындауы немесе орындауын қамтамасыз ету;
- 7) Сақтандырушыны сақтандыру тәуекелінің жай-жапсары жөнінде ақпараттандыру;
- 8) Сақтандыру шартын жасасқан кезде Сақтандырушыға хабарлаған жағдаяттардың бірінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына айтарлықтай әсерін тигізе алатын елеулі өзгерістер жөнінде мәлім болса, олар жөнінде Сақтандырушыны дереу хабардар ету;
- 9) сақтандыру оқиғасының белгісі бар, және (немесе) сақтандыру оқиғасына әкеп соғуы мүмкін сақтандыру жағдайының пайда болғаны жөнінде, сондай-ақ оның пайда болған жерін, уақытын және онымен байланысты барлық жағдаяттар жөнінде Сақтандырушыны дереу хабардар ету, және 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей берген ақпаратты жазбаша түрде растау. Егер Сақтанушы дәлелді себеппен бұл әрекеттерді орындай алмаса, оны құжат жүзінде растауы керек;
- 10) сақтандыру оқиғасының белгілері бар жағдай орын алғанда сақтандыру оқиғасынан болатын залалдың алдын алу және оны барынша азайту бойынша барлық мүмкін және орынды шараларды қолдану, сақтандыру шартында қарастырылған әрекеттерді орындау;
- 11) сақтандыру жағдайының пайда болу дерегін дәлелдеу;
- 12) сақтандыру төлемі жөнінде шешім қабылдау үшін барлық қажетті Сақтандырушы талап ететін құжаттарды осы Үлгі сақтандыру талаптарының 9-бөліміне сәйкес тапсыру;
- 13) дереу, бірақ сақтандыру оқиғасының нәтижесінде көрген шығындар өтемін (өтемақысын) үшінші тұлғалардан алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, алынған сақтандыру төлемінің тиісті бөлігін Сақтандырушыға қайтарып, бұл жөнінде Сақтандырушыны жазбаша түрде хабардар ету;
- 14) сақтандыру оқиғасының пайда болғаны үшін жауапты тұлғадан талап ету құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз ету, сондай-ақ мұндай құқықтың жүзеге асырылуы үшін қажет құжаттарды тапсыру;
- 15) сақтандыру шартының талаптары, сақтандыру сыйақылары мен төлемдерінің мөлшері бойынша құпиялылықты сақтау.

#### **21. Сақтандырушының құқықтары:**

- 1) Сақтанушы берген ақпаратты тексеру;
- 2) себептерін түсіндірмей, сақтандыру шартын жасасудан бас тарту;
- 3) сақтандыру шартының қолданыс мерзімі ішінде сақтандыру тәуекелінің жай-жапсарын, оның сақтандыру шартын жасасқан кезде Сақтанушы көрсеткен мәліметтерге сәйкестігін тексеру;
- 4) сақтандыру тәуекелінің дәрежесі жоғарылаған кезде сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұза отырып, сақтандыру шарттарының өзгертілуін талап ету;
- 5) Сақтанушыдан (Сақтандырылушыдан) сақтандыру шарты талаптарын орындауын талап ету;
- 6) сақтандыру оқиғасын (жағдайын) анықтап тексеруге қатысу, сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен жай-жапсарын өз бетінше анықтап білу, соның ішінде құзыретті органдарға сұраулар салу, келтірілген залал көлемін анықтау, ал қажет болған жағдайда, залал себептері мен сомасын анықтау мақсатында сараптама жүрізілуін белгілеу немесе бейінді мамандарды жұмылдыру;
- 7) оқиғаның жай-жапсарын анықтап білу және себептері мен келтірілген залал көлемін анықтайтын барлық мәліметтер мен құзыретті органдардың қажетті құжаттарын алғанға дейін сақтандыру төлемін жасау жөнінде шешім қабылдау мерзімін ұзартып, мерзім ұзарту жөнінде шешім қабылдаған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей өтініш білдірушіге жазбаша хабарландыру жіберу;



«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	ЕСБ- 53 «Саяхатшыларды қорғау» Ерікті кешенді сақтандыру бағдарламасы	___02.2020 ж. № 2 Басылым	19 беттің 9- беті
---------------------------	---	---------------------------	----------------------

8) Сақтанушыдан (Сақтандырылушыдан) сақтандыру оқиғасының фактісін, оның себептері мен жай-жапсарын белгілеу үшін қажет болатын және осы Үлгі сақтандыру талаптарының 9-бөлімінде көрсетілген ақпарат пен құжаттарды талап ету;

9) осы Үлгі сақтандыру талаптарында, сақтандыру шартында немесе заңнамада көзделген негіздемелер бойынша сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту немесе оның көлемін азайту;

10) залал келтіру үшін жауапты тұлғаға кері талап ету құқығын тағу;

11) Сақтанушы сақтандыру шартында белгіленген тәртіпте және мерзімде сақтандыру сыйақысын төлемеген жағдайда, сондай-ақ Сақтанушы (Сақтандырылушы) Үлгі сақтандыру талаптарын бұзған жағдайда сақтандыру шартын бұзу;

## **22. Сақтандырушының міндеттері:**

1) сақтандыру оқиғасы жөнінде хабарлама алған жағдайда оны дереу тіркеу;

2) Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) сақтандыру оқиғасы бойынша берілген құжаттар тізімі мен оларды қабылдау күні, сондай-ақ жетіспейтін құжаттар көрсетілген анықтаманы беру;

3) Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру төлемін төлеу үшін қажет барлық құжаттарды тапсырмаған жағдайда, сақтандыру төлемі жөнінде өтініш алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде жетіспейтін құжаттар жөнінде хабарландыру;

4) сақтандыру оқиғасы орын алғанда сақтандыру шартында белгіленген көлемде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру төлемін төлеу;

5) Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) сақтандыру оқиғасы (жағдайы) кезінде залалды азайту үшін жұмсаған шығындарын өтеу;

б) Сақтанушы сақтандыру шартын жоғалтқан жағдайда, оның телнұсқасын ресімдеу;

7) сақтандыру құпиясын қамтамасыз ету.

23. Сақтандырушының, Сақтанушының (Сақтандырылушының) заңнамада, осы Үлгі сақтандыру талаптарында, сақтандыру шартында белгіленген өзге құқықтары мен міндеттері бар.

## **7-Бөлім. Сақтандыру шартының қолданыс мерзімі ішінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдары**

24. Сақтандыру шартының қолданыс мерзімі ішінде Сақтанушы (Сақтандырылушы) дереу, бірақ сақтандыру шартын жасасқан кезде Сақтандырушыға хабарлаған жағдаяттарда болған елеулі өзгерістер жөнінде мәлім болған сәттен бастап 24 (жиырма төрт) сағаттың ішінде бұл жөнінде Сақтандырушыны жазбаша түрде хабардар етуге міндетті.

25. Сақтандыру шартын жасасқан соң пайда болған және тәуекел дәрежесін жоғарылататын өзгерістер Сақтандырушыға сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуды және мұндай бұзу салдарынан келтірілген залалдың орнын толтыруды талап ету, ал сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда – сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту құқығын береді.

26. Сақтанушы (Сақтандырылушы) осы бөлімнің 24-тармағында көзделген міндетті орындамаған жағдайда, Сақтанушы:

27. сақтандыру оқиғасы орын алған кезде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына сәйкес сақтандыру төлемінің сомасын азайтуға;

28. сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуға құқылы.

29. Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкелетін жағдаяттар тоқтап қалса, Сақтандырушы сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы емес.

## **8-Бөлім. Сақтандыру оқиғасы орын алған кезде орындалатын әрекеттер**

30. Сақтандыру оқиғасының белгілері бар немесе сақтандыру оқиғасына әкелуі мүмкін жағдай пайда болғанда Сақтанушы:

1) дереу, бірақ оқиға орын алған күннен (оқиғаның орын алғаны мәлім болған сәттен) бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, Сақтандырушыны залалдың сипаты, пайда болуының жай-жапсары (себептері), сондай-ақ оның болжамды көлемі жөнінде жазбаша түрде хабардар етуге;

2) ықтимал залалды азайту немесе алдын алу үшін орын алған жағдайда орынды және қолжетімді болып табылатын шараларды қолдануға;

3) заңнамада қарастырылған мерзімде айыпты тұлғаға залал жөнінде жазбаша мәлімдеуге;

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	ЕСБ- 53 «Саяхатшыларды қорғау» Ерікті кешенді сақтандыру бағдарламасы	___02.2020 ж. № 2 Басылым	19 беттің 10-беті
---------------------------	--	---------------------------	-------------------

4) қолданыстағы заңнамаға немесе Сақтандырушының кеңестеріне сәйкес келтірілген залалдың құжат жүзінде ресімделуін қамтамасыз етуге;

5) Сақтандырушыға (оның өкіліне) сақтандыру оқиғасын тергеп-тексеру және келтірілген залал көлемін анықтау мүмкіндігін беруге;

6) сақтандыру жағдайын тергеп-тексерумен байланысты барлық ақпаратты хабарлауға, Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының жай-жапсары мен пайда болу себептерін тексеруде әр түрлі көмек көрсетуге, сонымен қатар түсініктеме беруге және (немесе) Сақтандырушының ойынша орын алған жағдайдың мәртебесі жөнінде шешім қабылдау үшін қажет құжаттарды беруге кедергі келтірмеуге және жалтармауға;

7) Сақтандырушының нұсқауларына (бар болса) еруге міндетті. Алайда аталмыш нұсқаулар Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеу міндеттемесін мойындауы деп санала алмайды;

8) Сақтандырушының залал үшін жауапты тұлғадан талап ету құқығының жүзеге асырылуын қамтамасыз ету шараларын қолдану.

31. Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының (оқиғасының) орын алғаны жөнінде хабардар етпеу оған сақтандыру төлемін төлеуден толықтай немесе ішінара төлеуден бас тарту құқығын береді.

### 32. А-Е секциялары бойынша қосымша:

#### А секциясы:

32.1. Сақтандыру оқиғасының белгілері бар жағдай орын алғанда, Сақтанушы (Сақтандырылушы) осы Бөлімде аталып өткен әрекеттерге қосымша:

1) пайдаланылмаған билеттердің тиесілі сомасын қайтарып алу үшін тасымалдаушыға жүгінуге;

2) жазатайым жағдайда немесе сырқаттанғанда:

а) медициналық мекемеге қаралуға;

б) ем алған соң күні, диагнозы және жазып берген емі бар медициналық анықтаманы алуға;

3) мүлікке зақым тиген жағдайда: құзыретті органдарға жүгініп, жылжымайтын мүлікке залал тигізу фактісі мен себепін растайтын тиісті құжаттарды алуға;

4) виза бермеген жағдайда: елшіліктен (консулдықтан) визаның берілмеуін растайтын және виза бермеу себепін көрсететін құжатты алуға міндетті.

#### В секциясы:

32.2. Сақтандыру оқиғасының белгілері бар жағдай пайда болғанда, Сақтанушы (Сақтандырылушы) осы Бөлімде аталған әрекеттерге қосымша әуе рейсінің кешігуін растайтын (әуе рейсіне тіркеу белгісі бар отырғызу талоны) немесе пойызды жөнелту уақытының кешіктірілуін растайтын (вокзал кезекшісінің пойыздың кешігуі жөнінде белгісі бар темір жол билеті немесе ресми анықтамасы, тасымалдаушының ақпараттық жүйесінен басып шығарылған куәландырылған қағаз) құжатты, сондай-ақ осыған байланысты тамақтануға және тұруға жұмсалған шығындарды растайтын құжаттарды алуға және сақтап қоюға міндетті.

#### С секциясы:

32.3. Сақтандыру оқиғасының белгілері бар жағдай пайда болғанда, Сақтанушы (Сақтандырылушы) осы Бөлімде аталған әрекеттерге қосымша міндетті:

1) әуе немесе темір жол көлігіне отырғанға дейін:

а) жақын жердегі медициналық бөлімшеге медициналық көмекке жүгінуге;

б) уәкілетті орган (тұлға) себепін көрсету арқылы денсаулыққа зиян кетіру факті расталған құжатты рәсімдеуді қамтамасыз етуге міндетті;

2) жолаушылар тасымалы кезінде – көліктегі жолаушылар жазатайым оқиғаға ұшырағаны туралы актке (құжатқа) (бұдан әрі – жазатайым оқиға туралы акт) қол қою үшін тасымалдаушының өкіліне жүгінуге міндетті. Белгіленген пунктке жеткен кезде медициналық көмекке жүгіну үшін және денсаулыққа зиян келтірілгені үшін, оның сипаты (диагноз) және т.с.с. растайтын құжаттарды алу үшін емдеу-профилактикалық мекемесіне дереу жүгінуге міндетті.

32.4. Жазатайым оқиғаның нәтижесінде Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда жоғарыда аталған құжаттарды рәсімдеу және алу жөніндегі әрекеттерді сақтандыру төлемін алуға үміттенетін тұлғалар орындауы тиіс.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	ЕСБ- 53 «Саяхатшыларды қорғау» Ерікті кешенді сақтандыру бағдарламасы	___02.2020 ж. № 2 Басылым	19 беттің 11-беті
---------------------------	--	---------------------------	-------------------

#### **Д секциясы:**

32.5. Багаж берілмеген кезде Сақтанушы (Сақтандырылушы) осы Бөлімде келтірілген әрекеттеріне қосымша ретінде:

- 1) тасымалдаушының ережелеріне (заңнамаға) сәйкес белгіленген тәртіпте багажды іздеу туралы арызбен тасымалдаушының өкіліне жүгінуге;
- 2) Сақтандырылушы мен тасымалдаушының өкілі қол қоюы тиіс тасымалдау кезіндегі ақаулықтар туралы ақтты құрастыруды қамтамасыз етуге;
- 3) тасымалдаушының ережелеріне (заңнамаға) сәйкес белгіленген тәртіпте және мерзімдерде залалды өтеу туралы кінәрат-талапты тасымалдаушыға ұсынуға міндетті.

#### **Е секциясы:**

32.6. Құжат жоғалған кезде Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандырудың үлгі шарттарының 8-тарауында келтірілген әрекеттерге қоса, жоғалған құжатты қалпына келтіру үшін жұмсалған шығындарды растайтын барлық құжаттарды алуға және сақтауға міндетті.

### **9-Бөлім. Сақтандыру оқиғасының орын алғанын және залал көлемін растайтын құжаттар тізімі**

33. Сақтандыру төлемін алу үшін Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандырушыға сақтандыру оқиғасының белгілері бар жағдай орын алған күннен бастап 6 (алты) айдан кешіктірмей сақтандыру төлемі жөнінде өтініш білдіруі тиіс.

34. Сақтандыру төлемі жөніндегі өтінішке қоса тіркелетін құжаттар:

- 1) сақтандыру оқиғасының орын алуын растайтын, соның нәтижесінде келтірілген залал себептері мен көлемін анықтайтын құжаттар;
- 2) тұлғаның сақтандыру төлемін алу құқығын растайтын құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері (апостиль қойылған көшірмелер).

35. Сақтанушы залалдың алдын алу немесе барынша азайту мақсатында жұмсаған шығындарды өтеу үшін бұл шығындарды растайтын құжаттар (чектер, түбіртектер, шоттар, жүкқұжаттар, орындалған жұмыс актілері және т.б.) қоса тіркелуі тиіс.

36. Сақтандырушыға шет тілінде ұсынылатын құжаттар қазақ немесе орыс тіліне аударылып, аударманың дұрыстығын нотариалдық түрде куәландыру қажет.

37. Құжаттарды қабылдайтын Сақтандырушы өтініш берушіге тапсырылған құжаттардың толық тізімі мен оларды қабылдау күні көрсетілген анықтаманы беруге міндетті. Анықтаманың бір данасы өтініш берушіге, екіншісі - өтініш берушінің алғаны жөнінде белгісі қойылып, Сақтандырушыда қалады.

38. Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру төлемі жөніндегі мәселені қарау үшін қажетті барлық құжаттарды тапсырмаған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру төлемі туралы өтінішті алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде өтініш білдірушіні жетіспейтін құжаттар жөнінде жазбаша хабардар етуге міндетті.

39. Егер сақтандыру төлемі жөніндегі мәселені шешу үшін Сақтандырушыға қосымша ақпарат қажет болса, ол Сақтанушыдан (Сақтандырылушыдан) қосымша құжаттарды талап етуге құқылы.

#### **40. А-Е секциялары бойынша сақтандырылатын тәуекелдердің ескерілуімен тапсырылатын құжаттардың тізімі:**

##### **А секциясы:**

40.1. Сақтандыру төлемі жөніндегі өтінішке қоса тіркелетін құжаттар:

- 1) сақтандыру шартының (сақтандыру полисінің) көшірмесі;
- 2) Сақтандырылушының жеке басын куәландыратын құжат;
- 3) жол жүру билеті немесе тасымал құжаты (көшірмесі);
- 4) тасымалдаушының билет құнының қайтарылатын сомасы немесе билет құнының қайтарылмау себебі көрсетілген ресми хаты;
- 5) Сақтандырылушы жіті ауру немесе жарақаттану себебінен сапарға шыға алмаған жағдайда – сырқатнамадан алынған және емдеу-профилактикалық мекеменің (ЕПМ) бас дәрігерінің қолы мен мөрі басылған үзінді көшірме; көрсетілген уақыт аралығында жоспарланған сапардың Сақтандырылушыға қарсы көрсетілгені жөнінде, мерзімі мен себептері көрсетілген, ЕПМ бас

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	ЕСБ- 53 «Саяхатшыларды қорғау» Ерікті кешенді сақтандыру бағдарламасы	___02.2020 ж. № 2 Басылым	19 беттің 12- беті
---------------------------	---	---------------------------	-----------------------

дәрігерінің қолымен және мөрімен куәландырылған медициналық картадан алынған және клиникалық-сараптама комиссиясының немесе ЕПМ дәрігерлік комиссиясының (емдеуші дәрігер және жетекші) қорытындысы жазылған, ЕПМ мөрімен куәландырылған үзінді көшірме;

б) Сақтандырылушының жақын туыстарын күту қажеттілігі салдарынан сапарға шығу мүмкін болмаған жағдайда – еңбекке жарамсыздық парағының жұмыс беруші куәландырған көшірмесі және Сақтандырылушының туысына қандай мерзімге күтім жасау қажет екендігі туралы клиникалық-сараптама комиссиясының немесе ЕПМ дәрігерлік комиссиясының (емдеуші дәрігер және жетекші) ЕПМ мөрімен куәландырылған қорытындысы, сондай-ақ Сақтандырылушының науқаспен туыстық байланысын растайтын құжаттар;

7) Сақтандырылушы немесе оның жұбайы, не жақын туысы қайтыс болған жағдайда, нотариалды куәландырылған өлу туралы куәлік және өлім себебіне айналған аурудың атауы көрсетілген медициналық құжаттар (стационардан, амбулаторлық картадан және т.б. көшірме);

8) Сақтандырылушының мүлкі жойылған немесе зақымдалған жағдайда – мүлікті иемдену, пайдалану, иелік ету заңдылығын растайтын құжат; жағдаяттың пайда болу фактісін, себептерін, уақыты мен орнын растайтын ішкі істер органдарының, ТЖМ-ның, өрт қауіпсіздігін қадағалау немесе пайдалану және авариялық қызметтердің актілері немесе анықтамалары;

9) кіру визасын бермеген жағдайда – шетелдік төлқұжаттың түпнұсқасы, елшіліктің (консулдыңтың) консулдық қызметінің ресми бас тарту құжаты.

40.2. Сақтандырушы барлық шығынды жол жүру билетінің құны көлемінде, бірақ Сақтандырушының жауапкершілік лимитінен аспайтын көлемде өтейді.

40.3. Тасымалдаушы Сақтандырылушыға жол жүру билеті құнының бір бөлігін қайтарған (заңнамаға немесе тасымалдаушы белгілеген талаптарға сәйкес қайтаруға міндетті болған) жағдайда, соның ішінде ақшаға балама қандай да бірліктерді (Сақтандырылушы болашақта жол жүру билеттерін сатып алғанда пайдалана алатын бонустарды, ұпайларды, баллдарды және т.б.) салған жағдайда, Сақтандырушы Сақтандырылушының жол жүру билеті үшін төлеген нақты билет құны мен тасымалдаушының өтемақысы арасындағы айырманы төлейді, бірақ төленетін сома осы Үлгі сақтандыру талаптарының **А Секциясында** белгіленген сақтандыру сомасынан аспауы тиіс.

40.4. Пайда алушы Сақтандырылушы болып табылады.

#### **В Секциясы:**

40.5. Сақтандыру төлемі жөніндегі өтінішке қоса тіркелетін құжаттар:

- 1) сақтандыру шартының (сақтандыру полисінің) көшірмесі;
- 2) Сақтандырылушының жеке басын куәландыратын құжат;
- 3) әуе рейсіне тіркеу белгісі бар отырғызу талоны немесе вокзал кезекшісінің пойызды жөнелту уақытының кешіктірілуі жөніндегі белгісі бар темір жол билеті (ресми анықтама);
- 4) Сақтандырылушының әуе рейсінің (пойызды жөнелту уақытының) кешіктірілу сәтінен бастап нақты ұшып шыққанға (пойыздың жөнелуіне) дейінгі уақыт аралығында тамақтануға және тұруға жұмсаған шығындарын растайтын түбіртектер мен чектер.

40.6. Сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда Сақтандырушы тамақтануға және тұруға жұмсаған құжат жүзінде расталған шығындарды Сақтандырушының белгіленген жауапкершілік лимитінен аспайтын көлемде өтейді.

40.7. Пайда алушы Сақтандырылушы болып табылады.

#### **С секциясы:**

40.8. Сақтандыру төлемі туралы арызға мынадай құжаттар қоса берілуі тиіс:

- 1) сақтандыру шартының (сақтандыру полисінің) көшірмесі;
- 2) Сақтандырылушының жеке тұлғасын куәландыратын құжат;
- 3) жол жүру билеті;
- 4) уәкілетті орган (тұлға) немесе тасымалдаушы құрастырған жазатайым оқиға туралы акт (құжат) немесе сот-тергеу органының немесе өзге құзыретті органның құжаттары;
- 5) Сақтандырылушының амбулаториялық картасының үзінді тұжырымы, стационарлық науқастың сырқатнамасынан үзінді көшірме, травматологиялық пунктен медициналық анықтама немесе Сақтандырылушыға медициналық көмек көрсетілгенін растайтын және (немесе) денсаулыққа

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	ЕСБ- 53 «Саяхатшыларды қорғау» Ерікті кешенді сақтандыру бағдарламасы	___02.2020 ж. № 2 Басылым	19 беттің 13-беті
---------------------------	--	---------------------------	-------------------

келтірілген залалдың сипаты келтірілген, дәрігерді және емдеу-профилактикалық мекеменің мөрімен куәландырылған өзге медициналық құжаттар;

40.9. Сақтандыру төлемін төлеу үшін денсаулыққа келтірілген залалдың дәрежесіне байланысты қосымша ұсынылуы тиіс:

- 1) жарақат кезінде – рентгенмен түсірілген сурет және оның сипаттамасы;
- 2) мөрмен куәландырылған уақытша еңбекке жарамсыздық парағының көшірмесі;
- 3) мүгедектікті тағайындау үшін негіздеме болып табылатын және емдеу мекемесінің мөрімен куәландырылған медициналық құжаттар;
- 4) мүгедектікті алу туралы белгіленген үлгідегі куәлік (түпнұсқа немесе нотариалдық куәландырылған көшірме);
- 5) медициналық-әлеуметтік сараптаманың түпнұсқасы немесе нотариалдық куәландырылған көшірмесі (апостиль қойылған көшірме).

40.10. Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда мынадай құжаттар қосымша қоса ұсынылуы тиіс:

- 1) Сақтандырылушының өлімінің себебі туралы деректер келтірілген, заңнамалық немесе нормативтік актілермен қарастырылған құжаттың көшірмесі (сот-медициналық сараптаманың қорытындысы, өлімінің себептері туралы анықтама және т.б.);
- 2) қайтыс болуы туралы куәліктің нотариалдық куәландырылған көшірмесі.

40.11. Оқиға жазатайым жағдай болып мойындалған кезде, Сақтандырушы мынадай мөлшерде сақтандыру төлемін төлейді:

Денсаулыққа (өмірге) келтірілген зиян	Сақтандыру төлемінің мөлшері, Сақтандырушының жауапкершілік лимитінің %
Сүйек сынуы, бас сүйек – ми зақымы, буын шығуы	10%
Сүйек сынуы, бас сүйек – ми зақымы, буын шығуы	5%
Есеңгіреу (жарақаттық есеңгіреу, өткір қансырау нәтижесінде дамидын гиповолемиялық есеңгіреу, анафилаксиялық есеңгіреу)	5%
Күю	7%
Үсу	5%
I топтағы мүгедектік	100%
II топтағы мүгедектік	70%
III топтағы мүгедектік	30%
Өлім	100%

40.12. Жазатайым оқиғаның нәтижесінде Сақтандырылушының денсаулығы нашарласа (мүгедектік немесе мүгедектіктің анағұрлым жоғары тобы) немесе қайтыс болса, онда Сақтандырылушыдан (оның заңды өкілінен) тиісті растаушы құжаттар қоса берілген арыз келіп түсуінің негізінде Сақтандырушы бұрын төленген сақтандыру төлемінің сомасын шегергенде осы тарауда белгіленген қосымша сақтандыру төлемін төлейді.

40.13. Пайда алушы болып Сақтандырылушы табылады.

#### **D секциясы:**

40.14. Сақтандыру төлемі туралы арызға мынадай құжаттар қоса беріледі:

- 1) багажды қабылдау туралы түбіртекпен бірге жол жүру билетінің (отырғызу талонының) көшірмесі;
- 2) тасымалдау кезінде ақаулық туралы актінің түпнұсқасы;
- 3) тасымалдаушыға жолданған кінә қою хатының көшірмесі;
- 4) тасымалдаушының кінәрат-талапқа (егер болса) қатысты жауабы.

40.15. Сақтандырушы Сақтандырылушыға жоғалған багаждың салмағының бір килограммы үшін 5000 (бес мың) теңге мөлшерінде, бірақ Сақтандырушының белгіленген жауапкершілік лимитінен аспайтын мөлшерде өтейді.

40.16. Пайда алушы болып Сақтандырылушы табылады.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	ЕСБ- 53 «Саяхатшыларды қорғау» Ерікті кешенді сақтандыру бағдарламасы	___02.2020 ж. № 2 Басылым	19 беттің 14-беті
---------------------------	--	---------------------------	-------------------

### **Е секциясы:**

40.17. Сақтандыру төлемі туралы арызға қоса берілуі тиіс:

- 1) Сақтандырылушының құжаттары жоғалу фактін растайтын құжаттар;
- 2) құжаттар жоғалу нәтижесінде туындаған шығындарды растайтын құжаттар;
- 3) құжатты қалпына келтіру (куәлікті алу) үшін туындаған шығындарды растайтын құжаттардың көшірмесі.

40.18. Сақтандырушы жоғалған құжатты қалпына келтіру үшін туындайтын, бірақ Сақтандырушының белгіленген жауапкершілік лимитінен аспайтан құжаттық расталған шығындарды Сақтандырылушыға өтейді.

40.19. Пайда алушы болып Сақтандырылушы табылады.

### **10-Бөлім. Залал көлемін анықтау**

41. Сақтандырушы жағдайды сақтандыру оқиғасы деп таныған жағдайда, сақтандыру төлемі сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының (Сақтандырушының жауапкершілік лимиті) шегінде, бірақ тигізген нақты залал көлемінен аспайтын мөлшерде төленеді.

42. Келтірілген залал көлемін Сақтандырушы сақтандыру оқиғасының орын алуын, себептері мен келтірілген шығын (залал) көлемін көрсететін құжаттар негізінде сақтандыру тәуекелдерінің ескерілуімен, ерекше сақтандыру шартында белгіленген тәртіпте анықтайды.

43. Сақтандыру оқиғалары бойынша сақтандыру төлемдерінің сомасы сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан аса алмайды.

44. Тараптар залалдың себептері мен көлемі жөнінде келіспей қалған жағдайда, тараптардың әрқайсысы сараптама жүргізуге (құзыретті тұлғаның тексеріс жүргізуіне) құқылы. Сараптама (тексеріс) оны талап еткен тараптың қаражаты есебінен жүргізіледі.

Тараптардың бірі сараптама нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Сақтандырушы осы Үлгі сақтандыру талаптарында қарастырылған тәртіпте және мерзімде залалдың таласқа салынбайтын бөлігі бойынша төлем жасауға құқылы.

45. Залалдың алдын алу немесе барынша азайту мақсатында жұмсалған шығын көлемі бұл шығындарды растаушы құжаттардың негізінде анықталады.

46. Сақтандырушының ықтимал залалдың алдын алу немесе барынша азайту мақсатында жұмсаған шығындары нақты көлемде өтеледі, алайда сақтандыру төлемі мен шығындар өтемақысының жалпы сомасы сақтандыру шартында қарастырылған Сақтандыру жауапкершілігінің шекті көлемінен аспауы тиіс.

Сақтанушы Сақтандырушының нұсқауларын орындауы нәтижесінде пайда болған шығындар сақтандыру сомасына қатыссыз толық көлемде өтеледі.

47. Сақтандыру оқиғасы нәтижесінде тигізген мүліктік залал Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) үшінші тұлғалар тарапынан өтелген жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру шарты бойынша өтелуі тиіс сома мен үшінші тұлғадан алынған соманың арасындағы айырманы ғана өтейді.

### **11-Бөлім. Сақтандыру төлемін төлеу тәртібі мен шарттары**

48. Сақтандыру төлемі – сақтандыру оқиғасы орын алған кезде осы Үлгі сақтандыру талаптарының **А-Е секцияларында** көзделген жауапкершілік лимитін ескере отырып, Сақтандырушының Сақтанушыға (Сақтандырылушыға, Пайда алушыға) сақтандыру сомасының шегінде төлейтін ақшалай сома.

49. Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеу немесе одан бас тарту жөнінде шешімді Сақтанушы (Сақтандырылушы) барлық құжаттарды тапсырғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күнінің ішінде қабылдайды.

50. Сақтандыру төлемі Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеу жөнінде шешім қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен (Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне – «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның ақша аударылатын күнгі бағамы бойынша АҚШ долларымен) төленеді.

51. Сақтандырушы келесі жағдайларда өтініш білдірушіні жазбаша түрде хабардар ете отырып, сақтандыру төлемі жөнінде шешім қабылдау барысын тоқтата тұруға құқылы:

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	ЕСБ- 53 «Саяхатшыларды қорғау» Ерікті кешенді сақтандыру бағдарламасы	___02.2020 ж. № 2 Басылым	19 беттің 15-беті
---------------------------	--	---------------------------	-------------------

1) тиісті құзыретті органдар қылмыстық іс қозғаса немесе сақтандыру оқиғасының орын алуына әкеліп соққан жағдаяттарды әкімшілік тергеп-тексеру басталса – қылмыстық іс бойынша заңды күші бар үкім шығарғанға немесе тергеу аяқталғанға және Сақтандырушыға тиісті құжаттарды тапсырғанға дейін;

2) егер сақтандыру жағдайының орын алуын немесе тигізген залал көлемін растайтын құжаттарды тексерудің объективті (дәйектелген) себебі болса – құжаттардың дұрыстығы жөнінде құзыретті органдардың растамасы алынғанға дейін, 3 (үш) айдан аспайтын мерзімге.

52. Сақтандыру төлемін уақытылы төлемегені үшін Сақтандырушы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабына сәйкес жауапкершілікті көтереді.

53. Сақтандыру оқиғасы келесідей себептердің салдарынан орын алатын болса, Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру төлемін толықтай немесе ішінара төлеуден бас тартуға құқылы:

1) Сақтанушының (Сақтандырушының) қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында орындаған әрекеттерінен басқа, сақтандыру оқиғасының пайда болуына бағытталған немесе пайда болуына ықпал ететін қасақана әрекеттері;

2) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде сақтандыру оқиғасымен себепті байланысы бар қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқықбұзушылық ретінде танылған Сақтанушының (Сақтандырылушының) әрекеттері;

3) Сақтанушының (Сақтандырылушының) алкогольдан, уыттан немесе есірткіден масайған күйінде немесе психотроптық заттардың, сондай-ақ олардың салдарының әсерімен жасаған әрекеттері.

54. Сақтандырушы Сақтанушының (Сақтандырылушының) залалды азайтудың орынды және қолжетімді шараларын әдейі қолданбауы нәтижесінде пайда болған залал көлемінде сақтандыру төлемін төлеуден босатылады.

55. Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуына мыналар негіз бола алады:

1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру нысаны, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары жөнінде көрінеу жалған мәлімет беруі;

2) Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру шартында белгіленген міндеттемелер мен талаптарды орындамауы;

3) Сақтандырушыны сақтандыру тәуекелінің өзгергені жөнінде хабардар етпеу;

4) Сақтандырушыны сақтандыру оқиғасының белгілері бар және (немесе) сақтандыру оқиғасының пайда болуына себепкер бола алатын жағдайдың орын алғаны жөнінде сақтандыру шартында белгіленген тәртіпте және мерзімде хабардар етпеу. Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандырушыны дәлелді себеппен хабардар ете алмаған және бұны құжат жүзінде растаған жағдайлар саналмайды;

5) Сақтанушының (Сақтандырылушының) Сақтандырушыға сақтандыру оқиғасының жай-жапсарын тексеруге және тигізген залал көлемін анықтауға кедергі жасауы;

6) сақтандыру оқиғасының сақтандыру аумағынан тыс жерде және (немесе) сақтандыру қорғанысы күшінің мезгілінен тыс уақытта орын алуы;

7) Үлгі сақтандыру талаптарында қарастырылған құжаттарды тапсыру мерзімдерінің бұзылуы;

8) Сақтанушы сақтандыру шартын жасасқан кезде біле тұра заңсыз пайда көру мақсатын қуалауы;

9) Сақтанушының мүлктік сақтандыру бойынша келтірілген залалдың өтемін залалдың келтірілуіне айыпты тұлғадан алуы;

10) сақтандыру оқиғасы орын алған сәтте сақтандыру шарты әлі күшіне енбеуі;

11) Сақтандырушы осы Үлгі сақтандыру талаптарының 9-тарауында көрсетілген сақтандыру оқиғасының орын алу фактісін және келтірілген залал көлемін растайтын құжаттарды бермеген жағдайда;

12) Сақтанушының сақтандыру оқиғасының орын алғаны үшін жауапты тұлғадан талап ету құқығынан бас тартуы, сондай-ақ талап ету құқығының Сақтандырушыға өтуі үшін қажет құжаттарды Сақтандырушыға беруден бас тартуы.

13) заңнамада, осы Үлгі сақтандыру талаптарында, сақтандыру шартында қарастырылған басқа жағдайлар.

56. Сақтанушының заңсыз әрекеті салдарынан Сақтандырушының сақтандыру жауапкершілігінен босатылуы оны Сақтандырылушыға сақтандыру төлемін төлеуден де босатады.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	ЕСБ- 53 «Саяхатшыларды қорғау» Ерікті кешенді сақтандыру бағдарламасы	___02.2020 ж. № 2 Басылым	19 беттің 16-беті
---------------------------	--	---------------------------	-------------------

57. Сақтанушы сақтандыру сыйақысын толық көлемде төлемеген жағдайда, Сақтандырушының мұндай сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін төлеу міндеттемесі басталмаған болып саналады және Сақтандырушы сақтандыру төлемін жасауға құқылы емес.

58. Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден бас тартқаны жөніне Сақтанушыны шешім қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде себептерін көрсете отырып жазбаша түрде хабардар етеді.

59. Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте шағымдануға болады.

60. Сақтанушы (Сақтандырушы) келесідей жағдайларда Сақтандырушыға алған сақтандыру төлемін (оның тиісті бөлігін) қайтарып беруге міндетті:

1) Сақтанушыға (Сақтандырылушыға, Пайда алушыға) мүлктік залалды ол залалдың келтірілуіне айыпты болған тұлға өтесе;

2) талап қою мерзімінің ішінде заңға немесе осы Үлгі сақтандыру талаптарына сәйкес Сақтанушыны (Сақтандырылушыны, Пайда алушыны) сақтандыру төлемін алу құқығынан толықтай немесе ішінара айыратын жағдай анықталса;

3) жоғалған багаж табылып, Сақтандырылушыға жеткізілсе және берілсе.

Сақтандыру төлемінің сомасы (оның бір бөлігі) осы тармақта көрсетілген жағдай орын алған күннен бастап үш банк күнінің ішінде Сақтандырушыға қайтарылады.

## **12-Бөлім. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі**

61. Сақтандыру шарты жазбаша түрде:

1) Сақтанушының Сақтандырушыға Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша жазбаша өтініш білдіруі және Сақтандырушының электрондық үлгіде сақтандыру полисін ресімдеуі арқылы жасалады. Бұл ретте Сақтандырушы Сақтанушыға Сақтанушы көрсеткен электрондық поштаға электрондық хабарлама түрінде сақтандыру шартының жасалуы жөнінде хабарлама жібереді, және электрондық үлгідегі сақтандыру полисін қоса тіркейді;

2) Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, сондай-ақ Сақтандырушының тиісті келісім негізінде әріптестері болып табылатын басқа ұйымдардың интернет-ресурстарын пайдалана отырып, Сақтанушы мен Сақтандырушының электрондық үлгіде ақпарат алмасуы арқылы жасалады. Бұл ретте сақтандыру шарты Сақтанушының осы Үлгі сақтандыру талаптарына және Сақтандыру ережелеріне қосылуы арқылы жасалады.

62. Сақтандыру шартын электрондық түрде жасасу үшін Сақтанушы:

1) Сақтандырушының немесе оның серіктесінің интернет-ресурсында орналасқан Үлгі сақтандыру талаптарымен және Сақтандыру ережелерімен танысу, талап еткен кезде Сақтандыру ережелерінің көшірмесін алу;

2) электрондық нысандардың ұяшықтарын толтыру арқылы сақтандыру шартын жасасу жөнінде өтініш білдіреді. Бұл өтініш 24 (жиырма төрт) сағат бойы жарамды;

3) интернет-ресурста ұсынылған қолма-қол ақшасыз есеп айырысудың түрлі үлгілерін пайдалана отырып, сақтандыру сыйақысын төлейді.

Процессингтік жүйеден транзакцияның сәтті өтуі жөнінде ақпарат келген соң Сақтандырушы Сақтанушыға көрсетілген электрондық поштаға электрондық хабарлама түрінде сақтандыру шартының жасалғаны жөнінде ақпарат жібереді.

63. Сақтанушы сақтандыру сыйақысын төлеу арқылы сақтандыру шартын жасасқанға дейін Сақтандырушы біржақты тәртіпте әзірлеген осы Үлгі сақтандыру талаптарымен және Сақтандыру ережелерімен таныс болғандығын және оларға қосылғанын растайды.

## **13-Бөлім. Сақтандыру шартының қолданылу аумағы мен мерзімі. Сақтандыру қорғанысының күші**

64. Сақтандыру шартының қолдану мерзімі сақтандыру шартында көрсетіледі.

65. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысы сақтандыру шарты жасалған күннен басталады.



«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	ЕСБ- 53 «Саяхатшыларды қорғау» Ерікті кешенді сақтандыру бағдарламасы	___02.2020 ж. № 2 Басылым	19 беттің 17-беті
---------------------------	--	---------------------------	-------------------

66. Егер сақтандыру тәуекеліне қатысты сақтандыру қорғанысы күшінің тоқтауы деп белгіленген оқиға осыдан бұрын орын алмаса, Сақтандыру қорғанысының күші сақтандыру шартының қолданыс мерзімімен бірге тоқтатылады.

67. Сақтандыру тәуекеліне қатысты сақтандыру қорғанысы бірінші сақтандыру оқиғасы орын алған кезде өз күшін тоқтатады.

68. Сақтандыру шартының күші мынадай жағдайда тоқтайды:

- 1) қолдану мерзімі аяқталғанда;
- 2) мерзімінен бұрын тоқтағанда.

69. Сақтандыру шартының күші мынадай жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады:

- 1) тараптардың бірінің бастамасымен немесе тараптардың өзара келісімімен;
- 2) Сақтандырушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы көлемінде міндеттемелерін орындағанда;
- 3) заңнамада қарастырылған өзге жағдайларда.

70. Міндеттемелердің тоқтатылуына себепкер болатын заңнамада қарастырылған жалпы негіздемелерден басқа, сақтандыру шарты мынадай жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады:

- 1) сақтандыру нысаны болмай қалғанда;
- 2) Сақтанушы болып табылмайтын Сақтандырылушы өлген кезде, оның орны ауыстырылмаған жағдайда;
- 3) Егер Сақтандырушы Сақтанушыны ауыстыруға қарсы болып, ал шартта немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше белгіленбесе, Сақтанушы мүліктік сақтандыру нысанын иеліктен шығарған жағдайда;
- 4) сақтандыру оқиғасының орын алу мүмкіндігі жойылғанда, және сақтандыру тәуекелі сақтандыру оқиғасынан өзге жағдаяттар себебінен жоқ болғанда;
- 5) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушыны мәжбүрлі тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайда;
- 6) Сақтандырушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген тәртіпте ресімдеген сақтандыру полисіне енгізілген шарттар мен мәліметтер өзгертілген кезде;
- 7) заңнамада және Үлгі сақтандыру талаптарында қарастырылған жағдайларда.

Көрсетілген жағдайларда сақтандыру шарты оның тоқтауына негіз болатындай себеп ретінде көзделген жағдаят пайда болған сәттен бастап тоқтаған болып саналады. Және бұл жөнінде мүдделі тарап екінші тарапты дереу хабардар етуі тиіс.

71. Сақтандыру шарты осы бөлімнің 70-тармағында қарастырылған негіздермен мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Сақтандырушының сақтандыру күшінің мерзіміне пропорционал көлемде сақтандыру сыйақысының бөлігіне құқығы бар.

72. Тараптардың әрқайсысы сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Сақтандыру шартының күшін мерзімінен бұрын тоқтатқысы келетін тарап бұл жөнінде екінші тарапты болжамды күннен кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын хабардар етуге міндетті.

73. Қайтарылуы тиіс соманың 25 %-на дейінгі көлемде Сақтандырушының іс жүргізуге жұмсайтын шығындарын шегергеннен соң, сақтандыру сыйақысы (оның бір бөлігі) сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтаған күннен бастап 10 (он) банк күнінің ішінде біржолғы төлем арқылы қайтарылады.

74. Сақтанушы кез-келген уақытта сақтандыру шартынан бас тартуға құқылы. Сақтанушы сақтандыру шартынан бас тартқан жағдайда, Сақтандырушы төленген сақтандыру сыйақысын қайтармауға құқылы.

75. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемі жасалып болған соң сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылса, сақтандыру сыйақысы қайтарылмайды.

76. Сақтандыру шарты Сақтандырушының шарт талаптарын орындамауы салдарынан мерзімінен бұрын тоқтаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру сыйақысын толық көлемде қайтаруға міндетті.

**77. Сақтандыру аумағы және сақтандыру тәуекелдерінің ескерілуімен сақтандыру түріне байланысты сақтандыру қорғанысының әрекет ету кезеңі А-Е секцияларында белгіленген:**

**А секциясы:**

77.1. Сақтандыру аумағы:

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	ЕСБ- 53 «Саяхатшыларды қорғау» Ерікті кешенді сақтандыру бағдарламасы	___02.2020 ж. № 2 Басылым	19 беттің 18-беті
---------------------------	--	---------------------------	-------------------

1) Сақтандырылушының (жұбайының, жақын туысының) сырқаттану немесе жазатайым оқиғаға душар болу тәуекелі, Сақтандырылушының жылжымайтын және (немесе) жылжымалы мүлкіне залал тигізу тәуекелі бойынша – Сақтандырылушының тұрақты тұрғылықты аумағы;

2) виза бермеу тәуекелі бойынша – Сақтандырылушыға виза жасалуы тиіс елшіліктің (консулдың) орналасқан жері.

77.2. Сақтандыру қорғанысының күші сақтандыру шартымен бірге басталады және жол жүру билетінде (тасымал құжатында) көрсетілген жолға шығу күніне дейін жалғасады.

77.3. Сақтандыру қорғанысы Сақтандырылушының сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде шығатын сапарларына ғана таралады.

#### **В секциясы:**

77.4. Жол жүру билетінде көрсетілген жіберу пунктінде тамақтану және тұру аумағы сақтандыру аумағы болып табылады.

77.5. Сақтандыру қорғанысының күші жол жүру билетінде көрсетілген ұшу (жөнелту) уақытынан басталады және Сақтандырылушы нақты ұшып шыққан (жөнелген) сәтке дейін сақталады.

#### **С секциясы:**

77.6. Сақтандыру аумағы болып Сақтандырылушы әуежайға (вокзалға) баратын жол, жол жүру билетінде (тасымалдау құжатында) көрсетілген жол жүру бағыты және жол жүру билетінде көрсетілген белгіленген пункттегі әуежайдан (вокзалдан) жол жүру аумағы табылады.

77.7. Сақтандыру қорғанысының әрекеті жол жүру билетінде көрсетілген жөнелту уақытына дейін кем дегенде 3 (үш) сағат қалған кезде басталады, жол жүру кезінде, соның ішінде ауысып отыру пункттерінде 6 (алты) сағаттан аспай әрекет етеді, және Сақтандырылушы жол жүру билетінде көрсетілген белгіленген кесімді пунктке жеткеннен кейін 3 (үш) сағат өткен соң, бірақ сақтандыру шартының әрекеті тоқтаған мерзімнен кешіктірілмей аяқталады.

#### **Д секциясы:**

77.8. Сақтандыру аумағы болып тасымалдаушының жауапкершілігімен Сақтандырылушының багажы орналасқан орын табылады.

77.9. Сақтандыру арқылы қорғаудың әрекеті тасымалдаушы Сақтандырылушының багажын қабылдаған сәтте басталады. Сақтандыру арқылы қорғау сақтандыру шарты әрекет ететін кезеңде Сақтандырылушының тасымалдарына ғана таралады.

#### **Е секциясы:**

77.10. Сақтандыру аумағы болып Сақтандырылушының саяхаттану аумағы, соның ішінде билетке (билеттерге) немесе ваучерге сәйкес тасымалдау бағыты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына келу және кету күндері арасындағы кезеңде Сақтандырылушы уақытша келетін аумақ табылады.

77.11. Сақтандыру арқылы қорғау әрекеті Сақтандырылушы жол жүру құжатында көрсетілген жөнелту пунктінде көлік құралына отырған сәтте басталады, саяхат барысында созылады және жол жүру билетінде көрсетілген Қазақстан Республикасының аумағына келуі пунктінде көлік құралынан түсіру сәтінде аяқталады. Сақтандыру қорғанысы Сақтандырылушының тек сақтандыру шартының қолданылу мерзімінде жүзеге асырылатын сапарларына ғана таралады.

### **14-Бөлім. Суброгация**

78. Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру нәтижесінде өтелген залал үшін жауапты тұлғаға қатысты талап ету құқығы сақтандыру төлемін төлеген Сақтандырушыға төлеген сомасының шегінде өтеді.

79. Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға қолында бар барлық құжаттар мен дәлелдерді табыстауға, және Сақтандырушыға оған өткен талап ету құқығын жүзеге асыруына қажет барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.

80. Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандырушы өтеген залал үшін жауапты тұлғаға талап ету құқығынан бас тартса немесе Сақтанушының (Сақтандырылушының) айыбынан бұл құқықты жүзеге асыру мүмкін бола алмай қалса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін толықтай немесе тиісті бөлігін төлеуден босатылады және артық төлеген соманың қайтарылуын талап етуге құқылы.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	ЕСБ- 53 «Саяхатшыларды қорғау» Ерікті кешенді сақтандыру бағдарламасы	___02.2020 ж. № 2 Басылым	19 беттің 19- беті
---------------------------	---	---------------------------	-----------------------

### **15-Бөлім. Дүлей күш жағдайлары**

81. Тараптар өз міндеттемелерін дүлей күш (форс-мажор) жағдайларының салдарынан тиісті түрде орындай алмағанын, яғни төтенше және ырық бермейтін жағдайлардың себебінен сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерін орындай алмағанын дәлелдесе, жауапкершіліктен босатылады.

82. Кез-келген тарап сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерін толықтай немесе ішінара орындай алмайтындай жағдайлар орын алса, міндеттемелерді орындау мерзімі мұндай жағдайлар қанша уақытқа созылса, сонша уақытқа сәйкес кейінге қалдырылады.

83. Егер форс-мажор жағдайлар 3 (үш) айдан аса уақытқа созылса, онда әрбір тарап бұдан әрі сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерін орындаудан бас тартуға құқылы. Мұндай жағдайда ешбір тарап екінші тарапқа сақтандыру шартын бұзу нәтижесінде келтірілген залалды өтеуін талап етуге құқылы емес.

84. Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерін орындай алмайтындай жағдайға тап болған тарап 20 (жиырма) күндік мерзімнің ішінде екінші тарапты міндеттемелерін орындауға кедергі туғызатын жағдайлардың пайда болғаны немесе олардың тоқтағаны жөнінде хабардар етуі тиіс.

### **16-Бөлім. Дауларды шешу тәртібі**

85. Сақтандыру субъектілерінің арасында сақтандыру шартын орындау бойынша туындаған барлық даулы мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

### **17-Бөлім. Қосымша талаптар**

86. Сақтандыру шартының мазмұны осы Үлгі сақтандыру талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, сақтандыру шарты басым болып саналады.

87. Сақтандыру шартын жасасқан және орындаған кезде тараптарға мәлім болған, соның ішінде құқықтық тұрғыдан қорғалмаған ақпарат, сондай-ақ коммерциялық құпия ретінде қарастырыла алатын мәліметтер үшінші тұлғаларға басқа тараптың келісімімен ғана немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда ғана ашылуы мүмкін.

88. Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған жағдайлардан басқа, екінші тараптың жазбаша келісімінсіз сақтандыру шартын жасасу нәтижесінде алған құпия ақпаратты жариялауға құқылы емес.

89. Егер Сақтандыру шартында заңнамалық актілермен қарастырылған талаптармен салыстырғанда, Сақтандырушының жағдайын нашарлата түсетін талаптар баяндалса, онда осы заңнамалық актілерде белгіленген талаптар қолданылады.

90. Осы Үлгі сақтандыру талаптарымен реттелмеген мәселелерге қолданыстағы заңнама, Сақтандыру ережелері қолданылады.